Автор: Аубекерова Фаруза Сатаевна
Пән: Математика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану
Тақырып: Жай бөлшек. Жай бөлшектерді оқу және жазу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.1.9 жай бөлшек ұғымын меңгеру 5.5.2.1. Жай бөлшектерді оқу және жазу;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:Жай бөлшек ұғымын біледі, түсінеді, оқиды, жазады, көрсетеді. Оқушылардың басым көпшілігі: Жай бөлшектерді есептер шығаруда қолдана алады, жай бөлшек компоненттерін еркін айыра алады. Кейбір оқушылар: шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы өз ойын тұжырымдап айтады, талқыға салады, қорытынды жасайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жай бөлшек туралы түсінік алады; бөлімі, алымы ұғымдарын түсінеді; Бөлінгіш -бөлшектің алымы болып табылады бөлгіш -бөлшектің бөлімі болып табылады бөлшек сызығы -бөлу амалын алмастырады жай бөлшек нені көрсетеді?
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар жай бөлшек ұғымын біледі, жай бөлшектерді оқи алады және жаза біледі
Бағалау критерийлері:	А.Жай бөлшекті біледі, оқиды, жазады, компоненттерін анықтайды В.Есеп шығаруда қолданып, өз бетімен жұмыстана алады. С.Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы ойын түйіндей алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, ынтымақ, шығармашылық, үздіксіз білім алу, өзара құрмет, қарым-қатынас жасау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, презентация
Пәнаралық байланыс:	Геометрия (геометриялық фигуралардың бөліктерін атау)
Бастапқы білім:	Үлес, бөлудің компоненттерін біледі, геометриялық фигураларды бір - бірінен ажырата алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5)	1) 1. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 1) "Миға шабуыл". Оқушыларға сұрақ қойылады. Берілген тортты түгел сынып оқушыларымен қалай бөліп жейміз? 2) Жауап: Ол үшін тортты сыныптағы оқушы саны қанша болса, сонша тең бөлікке бөліп, оның бір үлесін алады. 3) Олай болса, балалар әртүрлі шамаларды (ұзындықты, уақытты, ауданды т.б) өлшеу үшін, көрсету үшін натурал сандардан басқа, бөлшек сандар деп аталатын жаңа сандарды енгіздік. Жай бөлшектер - натурал сандардан және бөлшек сызығынан тұрады. Мана біз тортты қанша тең бөлікке бөлсек- оны бөлшек сызықтың астына, қанша бөлігін алсақ- оны бөлшек сызықтың үстіне жазамыз. 4) Оқушылар дәптерлеріне боялған бөліктерді жай бөлшекпен жазады.	Үлестірме қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20)	Оқулықпен жұмыс. №204 есепті (А деңгейі) "Балық аулау" әдісі арқылы есептер шығарамыз. 1) 13:7; 85:89; 111:25; 39:39; 138:145 бөліндісінбөлшек түрінде жаз және компоненттерін ата. ҚБ: саусақпен №205 АВкесіндісі 6тең бөлікке бөлінген. АД, СВ, ЕВ кесінділері АВ кесіндісініңқандай бөлігі болады? А С Д Е М В ҚБ:шапалақтау арқылы №213 (В деңгейі)Кестенің бос орындарын толтыр. бөлінгіш бөлгіш бөлінді алым Бөлімбөлшек 8 8:15 54 7 35:93 121 204 65/81 ҚБ: жұппен тексереді №215 (С деңгейі) 1)Бір ай жылдың қандай бөлігін құрайды? 3 ай, 5 ай, 6 ай, 10 ай? 2) Бір күн аптаның қандай бөлігін құрайды? 2күн, 3 күн, 4күн? ҚБ: Бағдаршам	Слайд Математика 5 сынып авторлары: ТАлдамұратова мен Е.Байшоланов, Алматы «Атамұра»
Сабақтың соңы (10)	Қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы беріледі. (Жинақтан алынған) 3- тапсырма Қалыптастырушы тапсырманы оқушылар жеке орындайды,дескриптор бойынша жұппен бағалайды	Үлестірме қағаздар
Рефлексия (5)	ББББ әдісі арқылы рефлексия Білемін Білгім келеді Білдім	